

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысының II-сайланған Қызылқоға аудандық мәслихатының XXIV-сессиясының 2003 жылғы 18 маусымдағы N XXIV-3 шешімі Атырау облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 8 шілдеде N 1552 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2007 жылғы 13 ақпандағы № XXXI-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 13.02.2007 № XXXI-2 ш е ш і м і м е н .

Екінші сайланған Қызылқоға аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының N 6-шы бабының 1-ші тармағын басшылыққа алып ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу тәртібі жөніндегі ереже бекітілсін (аудандық әкімият қаулысы қосымшасымен). 2. Ауданның тиісті басқару органдары мен жергілікті әкімдер осы шешімді басшылыққа алып, жүзеге асырсын.

3. Бұл шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының Халықты әлеуметтік қорғау, білім мен мәдениет және жастар саясаты жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Б.Ж. Берікқали) тапсырылсын.

Аудандық мәслихаттың XXIV сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы, тармағы, 14 тармақшасын басшылыққа алып және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды қорғау туралы

" Заң күші бар Жарлығының 20 бабына сәйкес, сондай-ақ аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесі президиумының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 2 хаттамасы негізінде аудан әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесі президиумы ұсынған пәтерлері мен тұрғын үйлері жөндеуді қажет ететін Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының тізімімен келісілсін (қосымша 1).

2. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу тәртібін бекіту аудандық Мәслихаттың кезекті сессиясына ұсынылсын.

3. Аудандық қаржы бөлімі (Сәлімгереева Қ.) соғыс мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге смета бойынша қаралған 300000 теңгені 10 пәтер және тұрғын үйді жөндеу жұмыстары үшін аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне (Б . Дүзбаев) б ө л с і н .

4. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі (Б. Дүзбаев) бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін.

5. Аудандық коммуналдық меншік, құрылыс көріктендіру және тұрғын үй коммуналды шаруашылық бөлімі (Б. Шаяхметов) 2003 жылдың 25 мамырына дейін дефектілік ведомостілерді құрастырсын және сметалық құжаттарды д а й ы н д а с ы н .

6. Аудандық коммуналдық меншік, құрылыс көріктендіру және тұрғын үй коммуналды шаруашылық бөліміне ағымдағы жөндеу жұмыстарының техникалық бағалау міндеттері жүктелсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Қуанышевке жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы N 4 8
қаулысына қосымша

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржыны тағайындау және төлеу Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 2641 36/02 тапсырмасын орындау үшін жасалған.

2. Тағайындау тәртібі

2. Тұрғын үйлері мен пәтерін жөндеуді қажет ететін Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына ағымдағы жөндеу жұмыстары Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының арызына сәйкес жүргізіледі.

3. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының арыздарын қарау үшін аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінде аудандық соғыс және еңбек ардагерлер Кеңесі өкілдерінің қатысуымен
к о м и с с и я к ұ р ы л а д ы .

4. Тұрғылықты жері бойынша аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне ақшалай төлем тағайындау туралы арыздары негізінде төмендегідей құжаттарды тапсырады:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының жеке арызы;
2) Тұрғын жерінен отбасы туралы анықтама, немесе үйде тұратындығын
р а с т а й т ы н д е р е к ;

3) Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (РНН) және төлқұжат нөмірі;

4) Арыз берушінің мәртебесін растайтын құжат.

5. Жоғарыда аталған комиссия Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының арызы негізінде аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесіне жөндеу жүргізуге болатындығы, немесе бас тартылғандығы жөнінде шешім қабылдайды, содан кейін аудандық көріктендіру, тұрғын үй және коммуналды шаруашылық бөлімі дефектілік ведомость жасайды, дефектілік ведомость негізінде аудандық көріктендіру, тұрғын үй және коммуналды шаруашылық бөлімі мамандары смета жасайды.

6. Комиссия шешімі тиісті хаттамамен ресімделіп, арызданушыға міндетті
т ү р д е т а н ы с т ы р ы л а д ы .

7. Аудандық көріктендіру, тұрғын үй және коммуналды шаруашылық бөліміне ағымдағы жөндеу жұмысына техникалық бағалау жасау міндеті
ж ү к т е л с і н .

8. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген соң Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының қатысуымен атқарылған жұмыстар тексеріледі және жұмыстық орындалғандығы жөнінде акт жасалады.

9. Атқарылған жұмыс жөніндегі актіге комиссия Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және мердігер қол қояды.

10. Атқарылған жұмыстар жөніндегі актіге қол қойылған соң 1 данасы аудандық қаржы бөліміне жіберіледі.

11. Барлық ұсынылған құжаттармен бірге арыз жеңіл жөндеу жөніндегі шешіммен бірге комиссия хаттамасы алушының ісінде сақталады.

3. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

12. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын қаржыландыру аудандық бюджет есебінен жүзеге асады.

13. Аудандық қаржы бөлімі атқарылған жұмыстар жөніндегі актіге сәйкес тұрғын үйлер мен пәтерлерді ағымдағы жөндеу жүргізу үшін аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне қаржы бөледі.

14. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі ағымдағы есепке түскен қаржыны екі күн ішінде атқарылған жұмыстар жөніндегі актіге сәйкес аудандық пошта байланыс торабындағы Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының есеп шотына аударады.

15. Төлемдер аудандық пошта байланыс торабында аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінен алынған алушылардың тізімі негізінде алушының жеке басын куәландыратын құжаттар (төлқұжат, жеке куәлік) көрсеткен жағдайда төлем төленеді.

4. ЕСЕПКЕ АЛУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

16. Соғыс мүгедектері мен қатысушыларының ағымдағы жөндеу жұмыстарының шығынын есепке алу, бақылау және есептеу аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне жүктеледі.